

**Мектептегі тамақтану сапасын тексеру мақсатында
мониторинг комиссиясын мен бракеражды комиссиясының мектеп
асханасының жұмысын жүргізу жөніндегі отырысының
2 хаттамасы**

«25» ақпан 2022

Қатысты:

Комиссия төрайымы- мектеп басшысы А. Бекбаева
Мүшелері- ДТЖО Р.Ж.Саденова
Әлеуметтік педагог З.Е.Есебаева
Медбике А.У.Кусаинова
Ата-аналар комитетінің төрайымы-Р.А. Боранбаева
Қамқорлық кеңесінің төрайымы- И.Кариимова

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру.
2. Асхананың санитарлық жағдайы.

Тыңдалды:

1. Мектеп басшысының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Ж. Саденова сөз сөйледі.

Алдымен асхананың дайындығы, санитарлық-гигиеналық жағдайы ас дайындауға және азық-түліктің болуы туралы таныстырылды. Акті бойынша дайындалған тағамдар нормаға сәйкес, ас мәзірі де нормаға сәйкес келетіндігі туралы айтып өтті. Асхананың температуралық тәртіп сақталған. Тоңазытқыштарды тазалап отыру керектігі де айтылды. Тағамдарды қайта даярлау үшін пайдаланылған кейбір құралдарды тазартып отыру керек екендігі туралы да айтып өтті.

2. Келесі сөзді әлеуметтік педагог З.Е.Есебаева алды. Оқушыларымыз ыстық тамақпен қамту бойынша. Жалпы мектепте 964 бала қазіргі уақытта. Бірақ өкінішке орай барлық балалар ыстық тамақ ішпейді. Кейбіреулері қоғамдық тамаққа тапсырыс береді. Өйткені біраз бала үйлерінен таңғы ас ішіп келгендіктен ыстық тамаққа зауқылары жоқ, сол себептен қоғамдық тамаққа тапсырыс береді. Ал 1-4 сынып оқушылары болса, дерлік ыстық тамақпен қамтылған. Әр сынып оқушылары тапсырыс бойынша мектеп асханасынан тамақтанады. Сонымен қатар жеке диета ұстайтын оқушыларымыз да бар. Оларға ас мәзірі жеке дайындалады.

3. Медбике А.У.Кусаинова сөз сөйледі. Мектеп асханасының санитарлық-гигиеналық жағдайы талапқа сай қанағаттанарлық деп айтуға болады. Бракеражды журналды күнделікті таңертең келіп, ас мәзіріне сәйкестігін тексеріп, содан соң толтыратындығы туралы айтып өтті. Бұл журналда әр тамақты сапасына баға беріліп толтырылатынын айтты.

Шешім:

1. Оқушылардың тамақтану сапасын қажетті нормаларға сәйкестігі.
2. Сынып жетекшілері оқушылардың тамақтану сапасын бақылау.
3. ДЖ отырыста тамақтану жөніндегі мәліметтерді хабардар етіп отыру.



Төрайымы А.Т. Бекбаева
Хатшы З.Е.Есебаева

Таныстым:
ДТЖО Р.Ж.Саденова
Медбике А.У.Кусаинова
Ата-аналар КТ-Р.А. Боранбаева
ҚКТ- И.Кариимова